



АРҚАЛЫҚ

АРКАЛЫҚҚА
АРКАЛЫКУ



ЖЫЛ
ЛЕТ!

хабары

16 сентября 2016 г.

№ 38 (631)

www.arknews.kz
arkalyk.habar@mail.ru

ҚАЛАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ГАЗЕТ | ГОРОДСКАЯ ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА



За 60 дней до 60-летия

Примерно с середины июля, то бишь два месяца назад, в городе развернулась активная деятельность по подготовке к главному событию города – 60-летию юбилею. Не будет преувеличением сказать, что эти шесть десятков дней были на порядок плодотворнее, чем периоды до этого. Стоя на пороге юбилея, появилась возможность дать справедливую оценку ситуации. Давайте же разберем, на что ушли эти 60 дней до 60-летия города.

Чистый город, ровные дороги

Ни для кого не новость, что город до середины лета был, мягко говоря, не в самом праздничном обличье. Густые заросли сорняка, разбитые дороги, в-общем, унылая картина провинциальной глуши отнюдь не способствовали праздничному настрою. Напротив, даже текущие ремонтные работы по неизвестной причине не проводились.

Не будем вдаваться в подробности, выяснять причины – ведь, нам, рядовым аркалыкчанам, интересен лишь результат. А результата, как бы это ни было прискорбно, не было и в помине. Пришлось все лето лицезреть нелицеприятные картины и ездить по разбитым дорогам. Лишь только к началу осени многие автолюбители вздохнули полной грудью, спеша нарадоваться ровным дорогам. Что огорчает, до наступления первых снегов остались считанные недели, а в

каком состоянии будут дороги уже к следующей весне, вопрос, конечно, не может не волновать.

Но, что бы мы ни говорили, за 60 дней было сделано столько, сколько не было сделано с начала года вплоть до лета. Это нужно признать. За два месяца удалось показать рекордную результативность по благоустройству города. Чего только стоит избавившийся от мусора и густых зарослей центральный парк культуры и отдыха. При этом невольно вспоминается выражение акима Амантая БАЛГАРИНА, сказанное на одном из аппаратных совещаний: «Если все проводить своевременно, не будет необходимости совершать подвиги». А ведь, действительно, это мы и наблюдали за последние месяцы. Как коммунальные предприятия, так и рядовые горожане, госслужащие и бюджетники, в авральном режиме приводили город в порядок. Стоит отметить эффективную работу главного управленца города, который задействовал не только финансовые ресурсы, но и смог мотивировать людей к преобразованию нашего общего дома. Смеем предположить, что эти насыщенные 60 дней были для главы города одним из нелегких периодов, когда приходилось решать множество вопросов в сжатые сроки и одновременно. Об этом свидетельствует его решение о проведении конкурсов и тендеров, находившихся в зависшем состоянии практически две трети этого года, путем объявления их методом ценовых предложений. Это значительно ускорило процедуру проведения конкурсов на строительно-монтажные работы. И, как результат, лед тронулся.



Стелы, стадион, фонтан...

Но, как бы то ни было, чисто физически успеть за пару месяцев провести конкурс, а это не менее 10 дней, затем заключить договора с подрядчиками, что тоже занимает по закону до 10 дней, и закончить за пару недель объемные работы по проведению капитального ремонта стадиона «Жігер», строительства стелы с нуля и прочее, нереально. Благо задел уже есть, работы идут, досадно лишь то, что горожане получают презенты к юбилею в виде вышеназванных объектов чуть позже планируемого срока. Благо, силами подрядчика ТОО «Алюминстрой», который не столько из желания выполнить такой крайне малобюджетный проект, как сооружение стелы «Аркалык» на входе в город по трассе Аркалык – Торгай, сколько из-за небезразличного отношения к городу, выполнило его в сжатые сроки и доводит работы до логического завершения (на снимке). «Подвел» подрядчик – иногороднее ИП со стадионом.

В результате затянувшегося открытого конкурса предпочтение было отдано этой фирме, которая так и не смогла поставить и установить необходимые сооружения в срок. Не так удручающе обстоит дело с установкой зрительских трибун – местные подрядчики уже готовы к сдаче объекта (на снимке). Вовсю идут и строительно-монтажные работы по сооружению фонтана в сквере «Жастар». Вполне возможно, что к выходу номера газеты работы будут завершены.

Кстати, не может не радовать и побелка и покраска домов. Не помню, когда в последний раз освежались жилые дома и административные здания. А ведь это, образно говоря, главные элементы «экстерьера» города, из чего и состоит преимущественно облик города.

Думается, что все эти позитивные изменения будут продолжены и по прошествии значимого рубежа – юбилея Аркалыка. Но а пока, готовимся встречать день рождения нашего любимого города. Спешим поздравить с праздником, дорогие аркалыкчане!

Кайрат ЕСМАҒАНБЕТОВ

Мерейтойыңмен, арайлы Арқалық!

Құрметті арқалықтықтар! Сіздерді қаланың 60-жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Ең алдымен, жылы лебізге толы құттықтаулар мен құрмет-қошемет қымбатты ардагерлерімізге көрсетілу керек деп ойлаймын. Себебі, сіздердің, алғашқы құрылысшылар буынының, арқасында ел картасында Арқалық қаласы пайда болды. Сіздердің ерен еңбектеріңіздің нәтижесінде жазық дала бойында заманауи шаһар бой көтерді. Қаламыз елең-алаң шағында интернационалдық бауырластық символына айналған еді. Оның құрылысына ондаған ұлт пен ұлыс өкілдері жұмылып, осында екінші Отанын тапқанын тарихтан білеміз.

Қала тарихында ел дамуы қарыштап қадам басқаны тайға таңба басылғандай көрініп тұр – атап айтсам, Қазақстанның индустриаландырылуы, ерлікке толы тың игеру науқаны, тіпті ғарыш кеңістігін игеруі көрініс тапқан. Еліміз егемендікке қол жеткізгеніміздің тамаша дәстүрлерін жоғалтпай, оларды әрі қарай жалғастыруы – мақтан тұтарлық жайт. Бұған қала көшелерінің атауларынан көз жеткіземіз, себебі оларға берілген есімдер интернационалдық дәстүрге толы қала тарихынан сыр шертіп тұр.

Қымбатты жерлестер! Өңіріміздің басты нышаны күні бүгінге дейін жер қойнауындағы кен байлықтары мен бидай астығы болып табылады. Дегенмен де, ең басты құндылығымыз – осы өлкені мекен еткен тамаша жандар екені талассыз. Жерлестерімді Арқалықтың мерейтойымен құттықтай отырып, қаламыздың гүлдене беруін тілеймін. Үкілі үміттеріңіз ақталып, алға қойған мақсаттарыңыз жүзеге асын демекпін!

Арқалық қаласының әкімі
Амантай БАЛГАРИН

С юбилеем, родной Аркалык!

Уважаемые аркалыкчане! От всей души поздравляю вас с 60-летием Аркалыка! Прежде всего, самые теплые слова поздравлений и пожеланий я адресую вам, дорогие ветераны. Именно вам, замечательному поколению первостроителей, мы обязаны появлением на карте страны города Аркалыка. Благодаря трудовому подвигу первых строителей в бескрайних степных просторах вырос современный город. На заре своей юности наш город по праву стал символом интернационального братства. В его строительстве принимали участие представители десятков национальностей, многие из которых обрели здесь вторую родину.

Аркалыкчане вправе гордиться, что в истории города отразилась история страны – этап индустриализации Казахстана, героическая целнинная эпопея и даже освоения космоса. Мы вправе также гордиться, что Казахстан с обретением суверенитета сохранил и приумножил замечательные традиции прошлого. В чем можно убедиться по названиям улиц города, наглядно свидетельствующие об интернациональных традициях, которыми пронизана история Аркалыка.

Дорогие земляки, как и прежде символами нашего края являются богатства его недр и хлебные поля. Но главное достояние заключается в другом – в замечательных людях, которыми всегда славится Аркалык. Поздравляя земляков с юбилеем Аркалыка, я желаю процветания нашему городу. Пусть сбудутся ваши надежды и воплотятся в жизнь самые смелые планы и мечты!

Аким г. Аркалыка

Амантай БАЛГАРИН

АРКАЛЫҚУ



ЛЕТ!

В редакцию «АХ» обратилась внучка передовика коммунистического труда, машиниста карьерного экскаватора «ЭКГ – 4,6» Георгия Филипповича АНАЦКОГО (на снимке) – Юлия. Она пришла в наш офис не с пустыми руками. С собой женщиной принесла увесистый фотоальбом, где среди фотографий лежали несколько газетных вырезок со статьями об ее деде, опубликованных в газете «Тургайская новь». Сегодня, конечно, в информационном пространстве города нет этой газеты, как и нет рядом с нами Георгия Филипповича, покинувшего этот мир в январе 1996 года. Однако память об этом человеке бережно хранят, как в его семье, так и на родном предприятии.

«С виду он прост и покладист. Тихий, скромный. И речь ведет самую будничную: о руде, о своем проверенном в больших испытаниях «работяге» ЭКГ – 4,6, о товарищах, с которыми вместе вгрызается в толщину рудных залежей, считает тонны и печалится или радуется, в зависимости от выработки. Но вот он спускается в забой, садится в кабину экскаватора, перебирает один за другим рычаги управления. Лицо его теряет кажущуюся беззаботность. Ковш, послушный его рукам, одним взмахом выворачивает 10 тонн руды, плавно описывает полукруг, на мгновение замедляет движение над кузовом «Белазу» и изрыгает коричневую массу.



Двадцатисемитонный самосвал приседает, как конь, от непомерной тяжести. Но стальной землекоп бросает еще и еще. Короткий сигнал сирены, и машина грузно выходит из забоя...» – так писал один из наших коллег журналистов в одном из октябрьских номеров газеты «Тургайская новь», опубликованном в октябре 1972 года, описывая словесный портрет и производственную деятельность Георгия Анацкого.

Спустя год в феврале о Г. Анацком и его экипаже напишут уже на передовице «Тургайской нови». И тому, надо заметить, был немаловажный повод. Вот только одна из выдержек этого газетного материала: «...Знатный горняк бокситового рудоуправления Георгий Филиппович Анацкий в дружном коллективе понял радость творческого труда, цену дружбе, товарищеской взаимопомощи. Здесь он стал членом горкома партии, возглавил бригаду, которой присвоено высокое зва-



ние коммунистической. Экипаж товарища Анацкого первым в рудоуправлении переработал на ЭКГ – 4,6 миллион кубометров горной массы. Но бригада не думает останавливаться на достигнутом. В третьем, решающем году пятилетки она намечает каждые сутки экономить по три часа и сберечь около 45 суток, что позволит ей справиться с производственной программой года на полтора месяца раньше срока...»

А вот, как сам Г. Анацкий рассуждал тогда о своей работе: « – Сколько сегодня можем дать руды? – уточнял он вопрос журналиста. – Забой новый, непроторенный. Да еще тушиковый. Чтобы подать руду в машину, нужно развернуться не на 90 градусов, как во фронтальном, а на 180. Правда, перед началом работы бригадир кое-что предусмотрел: заставил бульдозер сделать дополнительный проезд, чтобы ускорить работу машины. Но, как пойдет руда? Тысячу пятьсот

дадим? Мало. Тысячу восемьсот нужно дать. Вон, какая идет руда. Режется, как масло. Руда, конечно, не масло, – тут же опровергает он себя. – При каждом «черпанье» 190-тонный великан вздрагивает. И забой не совсем благополучный. Рудный пласт опускается. Значит, экскаватор придется осаживать».

Чуть ранее было описано о горняцкой дружбе. В этом, отдавал себе отчет и Георгий Филиппович. О том, что крепка горняцкая дружба, горячи и отзывчивы их сердца на зов товарищей по труду Г. Анацкий убеждался неоднократно. Еще тогда, когда работал экономистом планового отдела и позднее начальником спецотдела на Коунрадском руднике и по партийным обязанностям, он проявлялся в карьерах, в мастерских. А самого тянуло в забой.

На экскаваторе его в шестидесятых годах сагитировал школьный товарищ, Герой Социалистического Труда Михаил Прокопьевич

Демченко. «Бояться тут нечего, – говорил тогда Г. Анацкому М. Демченко. – На экскаваторе, как на коне. Куда его повернул, туда тебе и дорога. Только ворота, куда следует». И переход в забой состоялся.

Имя знатного машиниста экскаватора Г. Анацкого было широко известно в тургайском бокситовом рудоуправлении. Георгий Филиппович – ветеран предприятия. С группой коунрадских горняков приехал он в Аркалык, чтобы освоить подземные богатства суровой тургайской степи, поставить их на службу Родине. Именно здесь наиболее ярко проявились его целеустремленность, раскрылся талант руководителя и воспитателя. Здесь он стал непревзойденным в то время мастером добычи боксита. Как выше сказано экипаж экскаватора Г. Анацкого первым в рудоуправлении переработал миллион кубических метров горной массы. Этот рубеж стал для бригады как бы отправным пунктом для штурма второго миллиона. Его же бригада выступила с ценной для того времени инициативой. Обсудив постановление ЦК КПСС, Совета Министров СССР, ВЦСПС и ЦК ВЛКСМ «О развертывании Всесоюзного социалистического соревнования работников промышленности, строительства, транспорта за досрочное выполнение народного плана на 1973 год», горняки решили выполнить сменные плановые задания за семь часов, а в оставшийся час работать в счет очередной смены. И поставленную задачу, тогда экипаж под руководством Г. Анацкого – выполнил!

Виталий САЯПИН

Обязательное медицинское страхование возвращается

На одном из совещаний у заместителя акима Аркалыка Есламбека МАМТЕКОВА медицинским работникам было дано поручение проинформировать население города и сел региона о том, что представляют собой предстоящие Комплексные меры по внедрению обязательного социального медицинского страхования.

Проект возродился благодаря укрепившейся финансовой мощи

Как сообщила врач-эксперт Аркалыкского родильного дома Фаина МОЛДАШЕВА, выполнение данного поручения медработниками началось с поездок по селам и сельским округам. В частности, возглавляемая ею бригада объехала самые дальние села региона – Екидин, Жанакала, Каинды, Кызылжұлдыз и Алуа. На встречах с медиками присутствовали акимы сел и аппаратов, руководители животноводческих хозяйств, директора и учителя школ, сельские медработники, домохозяйки, рабочие и т.д. Всего же в ходе поездок только по пяти селам, разъяснения по актуальному вопросу получило более 100

человек. При этом важно будет отметить, что к докладчикам от населения сел поступило порядка 30 вопросов. А это, согласитесь, уже свидетельствует об интересе населения к заданной теме.

Чего нам следует ожидать в будущем?

Так, что же представляют собой Комплексные меры по внедрению обязательного социального медицинского страхования? Подобная система в нашей республике, напомнила Ф. Муканова, внедрялась еще несколько лет тому назад. Однако в связи с недостатком финансирования этот проект был свернут. В связи с тем, что за последние 10 лет объемы финансирования в сферу медицины выросли в 6,3 раза, а в расчете на душу населения в 5,6 раза было принято решение возобновить данный проект. Ведь, несмотря на рост расходов государства между Казахстаном и развитыми странами сохраняется значительный разрыв по ряду ключевых показателей здоровья нации, а в отдельных случаях – наблюдается отставание даже от стран СНГ. С развитием данного проекта ожидается, что продолжительность жизни в Казахстане увеличится до 69,7 лет, младенческая смертность сократится до 13 человек на 1000 родившихся, заболеваемость туберкулезом сократится до показателя 82,1 на 100 тысяч человек. Таким обра-

зом, согласно прогнозам до 2030 года доля пожилого населения возрастет до 11,2% по сравнению с 6,9% в 2014 году. В результате старения населения и роста рождаемости к 2030 году потребуются увеличить госрасходы на здравоохранение в 2 раза.

Еще одна причина, требующая Комплексных мер по внедрению обязательного социального медицинского страхования связана с неэффективным использованием средств и большим объемом частных платежей. Достаточно сказать, что действующая структура медпомощи содержит высокую долю расходов на стационарную помощь. При этом 70% затрат составляет экстренная помощь. Плюс ко всему, только в 2014 году казахстанцы потратили 570 млрд. тенге на оплату медуслуг, что составляет 37,4% от общих расходов на здравоохранение.

Об источниках финансирования Фонда соцмедстрахования

Что же касается источников финансирования, то с 2017 по 2024 годы, с ростом взносы в Фонд соцмедстрахования от государства будут составлять, соответственно, от 4% до 7%, от работодателей – от 2% до 5%, от работников – от

1% до 2%, от предпринимателей – от 2% до 7%. Свои взносы могут вносить и частные лица. В числе финансируемых услуг здравоохранения социально-значимые заболевания, неотложная помощь, транспортировка, некоторые виды профилактического лечения, амбулаторные медицинские услуги, в числе которых: первая помощь, консультации, лечение в стационаре, госпитализация, хирургия, лабораторные услуги, некоторые рецептурные препараты. При этом государство будет перечислять взносы и отчисления через Казначейство МФ РК, работники, работодатели и самозанятые через банки второго уровня. Как в первом, так и в другом случаях средства вначале будут поступать в Казахстанский Центр Межбанковских расчетов Национального Банка РК, затем деньги поступают в терминал госкорпорации ГЦВП, а от туда в Фонд социального медицинского страхования. В свою очередь Фонд будет аккумулировать взносы и отчисления со стороны работников и работодателей, а также целевые трансферты для медицинской помощи. При этом большая часть ранее финансируемых из местного бюджета видов медпомощи будет передана в Фонд, что позволит обеспечить единство и качество процедур. Контроль же за поступлениями ФМСМ будет закреплен за коми-

тетом государственных доходов. В свою очередь Госкорпорация, как автономная организация будет вести персонализированный учет всех поступлений.

Важно также будет отметить, подчеркнула Ф. Молдашева, что будет обеспечена и прозрачность деятельности Фонда. Она будет осуществляться за счет общественных комиссий при ФМСМ на центральном и региональном уровне, ожидается также ежедневный мониторинг поступления взносов и средств, ежемесячный мониторинг оказанных медицинских услуг, предоставление в уполномоченные органы стандартных отчетов об использовании средств, публикация ежегодного отчета для общественности в отдельных изданиях СМИ, ведение вебсайта ФМСМ, на котором будут размещаться стратегические документы ФМСМ и т.д.

Поэтапно к поставленной цели

Внедрение обязательного медицинского страхования в стране будет происходить в комплексе с другими реформами, охватывающими основные направления Государственной программы развития здравоохранения РК «Денсаулық» на 2016 – 2019 годы.

Экспедиция ел ішінде



Жақында елордамыз Астана қаласынан құрамында белгілі ғалымдар мен өлкетанушылар және журналистер бар арнайы топ Арқалық қаласына табан тіреді. Арнайы топ қаламыздан бастау алатын «Өр Торғай - ерлік мекені» атты экспедицияға қатысу үшін жолға шыққан екен.

Экспедиция биылғы жылдың басты мерекесі - ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен қатар, тарихымызда өз орны бар ірі оқиғалардың бірі - 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл толуына арналған. Идея бастамашысы, әрі ұйымдастырушысы - «Torgay expedition» тобының белсенділері.

Қонақтар Арқалық қаласында болған сапарында қаладағы облыстық дала өлкесі тарихы мұражайында болып, ел ақсақалдарымен кездесу өткізді. Кездесуде сөз алған аталмыш экспедицияны ұйымдастырушы топтың мүшелері Жомарт Түбекбаев, Мейрам Айдаболов, Біржан Мешеловтер сапар барысы жайлы әңгімелеп, экспедиция картасын мұражайға табыс

етті.

«Биыл 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне 100 жыл толып отыр. Осыған байланысты ел тарихын бүгінге қоғамға насихаттап, жастарға ұғындырсақ деген ниетіміз бар. Бүгінгі күні көп адамдар ұлт-азаттық көтерілісіне қатысты А. Иманов, Ә. Жангелдин есімдерін білсе де, сол ұрыстың бел ортасында жүріп қол бастаған Кейкі батыр, Әбдіғашпар Жанбосынов, Оспан Шолақұлы секілді тарихи тұлғаларды біле бермейді. Сондықтан да біз бабалар ерлігін ұлықтап, еске алып, негізгі оқиғалар болған жерлерді аралай отырып, тарихи орындарға тағзым жасап, сол арқылы дүбірге толы шежірелі тарихты басынан кешкен, киелі Торғай жерін танып-білу мақсатында «Өр Торғай - ерлік мекені» атты экспедицияны ұйымдастырып отырмыз», - дейді топ мүшелері.

Аптаға созылатын экспедиция барысында екі мың шақырым жолды басып өтіп, тарихи маңызы зор отыздан астам нысанға соғып, әйгілі Дульгаль мешітінің басында жезқазғандық делегациямен жолығу жоспарланған.

«АХ»

Арқалықтың алғашқы мектебінің алғашқы түлегімін!

Адамның өзінің саналы ғұмырын өткен шақпен өлшемдеп, салмақтап, саралауы заңды құбылыс. Биыл Арқалық өзінің 60 жасқа келген торқалы тойын тойлағалы отыр. Қаланың алғашқы қаығы қағылуынан бастап куәгер болған көнекөз қариялардың біразы дүниеден озды. Осы жолдарды жазып отырған менің өзім Қызылқозыға 1949 жылдың жазында көшіп келгенмін. (Менің өзім қыркүйек айының 20-да 68 жасқа келемін).

Менің әкем Қошай Өтетлеуов пен Құрманғали Қасымов (Қасым Өтетлеуовтың баласы) Арқалықтың іргетасын қаласқан алғашқы азаматтар болатын. Қошай Өтетлеуовтың балалары мен Бибәтима Қошаева мен Нұрғали Қошаев та енді еңбек ардагерлері атанып, зейнеткер болдық.

Мен, Бибәтима Қошаева, 1955 жылы Қызылқозы мектебінің табалдырығын аттап, 1966 жылы III. Уәлиханов атындағы № 1 орта мектепте оқуымды аяқтадым. Мектебімнің бірінші директоры Ғыждуан Қасымов ағай болатын. Аталмыш мектепті алғаш бітірген біздер едік. Биыл мектеп бітіргенімізге де 50 жыл толды. Содан кейін Қарағанды мемлекеттік университетінің алғашқы түлегі болып, туған еліме қайтып келдім. Қырық жыл саналы ғұмырымды Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында аға оқытушы қызметінде өткердім. Сол жерден

зейнеткерлікке шықтым.

Айтайын дегенім, Қызылқозыдағы жеркепе үйімізге кеніш басқармасының бірінші директоры, бас геологы Мұхамеджан Калменов, ол кісінің қарындасы, 1950 жылы Қызылқозыға келген алғашқы жоғарғы білімді дәрігер Жанна Аташқызы Калменова қонаққа жиі келетін. Себебі, ол кісілер әдемі салынған жатақханада тұратын, сосын біздің жеркепе үйімізге қонаққа келіп тұратын. Сондай бір отырыста мен олардан: «Аға, сіздер неге бұл жерді Қызылқозы дейсіздер», - деп сұрағаным бар. Олар: «Қызым, бұл жердің топырағы қызыл, оны ағаларың тексеру үшін жерді тесіп қойып отырған. Сонда тескен жерлер үстіне қозының үлкендігіндей қызыл түсті топырақ үйіліп отырған, сондықтан да Қызылқозы деп атадық» деген еді. Қазір ол кісілердің бәрі өмірден озды ғой. Олардың Арқалық тарихында алар орны биік, кейде отырып сол күндерді сағынып еске аламын.

Тарих – өшпес шежіре. Басында Қызылқозы атанып, киелі топырағың нәр беріп, үлкен қалаға айналдып, Арқалығым қазір көркейіп, еңсесін көтеріп отыр. Көркейе бер, аяулы Арқалығым, алтын бесігім! Мерейтойың табысты әрі берекелі болғай!

Бибәтима ҚОШАЕВА,
Арқалық қаласының байырғы тұрғыны, зейнеткер.

Тұнған тарих иесі

(Тыл және тың ардагері Қабден Қиялов 80 жаста)

"Адамды адам қылған - еңбек" деген. Аға ұрпақ небір қиын заманды бастан өткеріп, жан аямай еңбек етті. Қаршадай болса да қатарынан қалмай, өмірдің ыстық - суығына төзе білді. Өмір жолдары сондай үлгі - өнегеге толы қарттарымыздың бірі - Арқалық қаласының тұрғыны Қабден Қиялов бүгінде сексеннің сеңгіріне шығып отыр.

Қабден аға қырық жылдан астам уақыт бойы қала іргесіндегі "Северный" поселкесінің тұрғыны болып келеді. Біз ағамызды кезінде өзі салдырған үйіне іздеп барып, сәлем бердік. Еңсесі тіп - тік ағамыз ізеттілігіне басып, қара жолдың үстінен қарсы алды. Көше бойын кеңінен алып жатқан тақтайдай тегіс көтерме асфальт жол да осы кісінің басшылығымен салынған. Сапалылығы сондай, қаншама жыл өтсе де қайрақтай болып, сол бастапқы күйінде жатыр. Жомарт жолшылар оны тіпті Қабден ағаның үйінің ауласына дейін тартып беріпті.

Ағамыз жол бастап жүріп, айтса айтқандай "жұмыс кабинетіне" ертіп апарды. Бөлме құн шағын молынан сіңіріп тұрады екен. Төр қабырғасы тұтасқан том - том кітаптар... Ағамыз жайлы баспасөз беттерінде аз жазылмаған. Энциклопедиялық кітаптарға да енген. Олардың барлығы ардагердің үстелінде қаттаулы тұр...

Қабден Бегайдарұлы 1936 жылы 20 қыркүйекте Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, "Киров" кеңшарында дүниеге келген. Алматыдағы ауылшаруашылық институтын бітірген. Әкесі Бегайдар Қиялұлы Ұлы Отан соғысының ардагері. Анасы Нұркия Мұхтарбайқызы отбасында екі ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсірген.

Қабден аға сексен жыл ғұмырының ішінде үздіксіз еңбек етіп, үкіметтік біраз наградаларға ие болған. Солардың арасында өзіне ең қымбаттысы - Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы №992 Жарлығымен берілген "1941 - 1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы" мерекелік медалі.

- Ол кезде біз алаңсыз жүрген 5 - 6 жастардағы ойын баласы едік. Соғыстың кесірінен жағдай мүлде өзгеріп шыға келді. Әкелерміз, ағаларымыз, үлкен адамдардың барлығы майданға кетті. Апаларымызды «трудовой фронтқа» әкетті. Елде бас көтерер ешкім қалған жоқ. Мен орыстардың арасында туып өскен адаммын. Олардың "огуречник" дегені болатын, өзеннің жағасына бау - бақша егеді. Онда: капуста, кияр, помидор неше түрлі көкөністер өседі. Таңертең ертелетіп, кешке ымырттатып өзеннен шелекпен су тасып бақша суарамыз. Соның барлығын бала - шаға болып, жүгіріп жүріп істедік.

Одан кейін де көрген бейнеттеріміз аз болмады. Ол уақытта трактор жоқ. Ат - көліктердің бәрі соғысқа алынған. Көктемде шешеміз соқа ұстап, біз өгіз айдап жер жыртамыз. Күзде орақ науқаыны басталады. Егінді орып, дестелелеп, кептіріп, бастырамыз. Жалаң аяқ, жалаң бас қой бақтық, сыыр бақтық. Басымызға киетін "кепка" жоқ, аяққа киетін аяқ киім жоқ. Сәуір туысымен қара күз



Тыл және тың ардагері Қабден Қиялов

қазанға дейін дамыл таппаймыз. Аяқтарымыз жарылып, өкшелеріміз тілініп кететін. Табанымызға шөгір кіріп, іріңдеп қаны ағып жүретін. Орыс халқы өленде айтады ғой: "Сединою на весах, со слезами на глазах" деп, біз болсақ жеңісті қанмен, термен қарсы алдық, - деп қария ел басына күн туған сол бір нәубетті жылдарды тебірене еске алады.

Қабден ағаның бақығты балалық шағын осылай сұм соғыс ұрлаған. Сұрапыл жылдар оны ерте есейтті. Қатал тағдыр аяушылық танытып, мүсіркемеді. Алайда, "Өмірдің көлеңкесі мен күнгейі қатар жүреді" деген. Ең қымбат наградаларының енді бірі - Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 тамыздағы Жарлығымен берілген "Тыңға 50 жыл" мерекелік медалі.

- Бұл медаль да маған оңайлықпен келген жоқ. Біз ол шақта 15 - 16 жастағы бала едік. Тіркемелі соқа болады. Алдында трактор, артында соқа. Соқаның үстінде тиер орындық бар. Соқаның жерге сіңуін қадағалап отырамыз. Өте терең де болып кетпеу керек, өте таяз да болып кетпеу керек. Талай бала соқаға түсіп кетіп, жарақаттанып та жүрді. Қайғылы жағдайлар да аз болған жоқ. Менің бір Баян деген немере інім болып еді. Он жылдықты бітрген жылы соқаға түсіп, мерт болды. Сол інім туралы айтқым келеді. Жас кезімізде ауыр еңбекке қабырғамыз қайысып жүріп, Баян екеуміздің шығарған бір шумақ өлеңіміз бар еді. Ол кезде Сафронов деген колхоздың председатели болған. Ылғи, атқа мініп қаққан қазықтай шіреніп жүретін. Сондағы шығарған өлеңіміз:

Мен Сафронов болсам - ау,
Көк айғырға мінсем - ау!
Ақ бөлкені жесем - ау
Күжірейіп жүрсем - ау!
Бұл арманға шүкір менің жетім деуіме болады, өкінішке орай Баян інім жете алмады...

Қайратты қарт терең бір күрсініп алып, әңгімесін одан әрі сабақтады.

- Небір қиындықтар бастан өтті ғой. Комбайнның оң жағында "жатка" жүреді. Оны қолмен ұстап тұру керек. Артында "капнитель" деген болады. Екі жігіт екі жағынан ұстап, сабанды сыдырып тұрады. Десте жасаймыз. Орақтың бауыры толып қала береді. Жалма жан түсе қалып тазалаймыз. Ығысып үлгере алмай артындағы ашақай темірлерінің арқамызды сыдырып кеткен кездері көп болды...

"Мен тек көзбен көргендерімді ғана айтып отырмын. Бұл тарихты қазір көп адам біле де бермейді", - дейді Қабден аға қиналысын жасыра алмай. Десе де, ағамыздың өткен өміріне реніші жоқ. Өзінің туып өскен елінде, еңбек жолын қарапайым слесарлықтан бастап, бас инже-

нерлікке дейін көтерілді.

- Он бес совхоздың ішінде тоқсан бас маман болдық. Соның арасында жалғыз қазақ мен болдым. Әлі күнге дейін өкінемін. Талай мықты деген жігіттер болды ғой, солардың арасынан неге біреуі бас көтеріп шықпады? - деп қынжылатынымын. Ауданда бір жарым пайыз ғана қазақ болатын. Үш - төрт жыл қатарынан жалғыз бас маман болып жүрдім. Совхоз директоры болған Николай Бондаренконы алғашқы ұстазым деуге болады. Соғысқа қатысқан адам. "Адам өмірбаянын өзі жасайды" дейтін. Оқу бітіріп, инженер - механик мамандығын алып келгеннен кейін сол кісінің ақыл - кеңесімен слесарь, бригадирдің көмекшісі, трактор - егіс бригадасының бригадирі, бөлімше механигі, ауылшаруашылық машиналарының инженері болдым. Үлкен бір жиналыста: "Бас инженердің міндетін атқарушы болып Қиялов Қабден Бегайдарович тағайындалады" дегенде ешкім қарсы келе алмады. Өзім де қатты таңқалдым. Өйткені, мен жаспын. Жасым небары 23 - те. Менен басқа да техника тілін білетін мықты мамандар арамызда көп еді...

Алпысыншы жылдары бас инженер болып жүргенімде Торғай жеріне елу шақты техникамызбен келіп тың игердік. Торғай өңірінің бидайымен тек қана Канаданың бидайы деңгейлес келеді. Астығымыз әлемдік нарықта өте жоғары бағаға ие. Осындай құнарлы жерге келіп еңбек еткенімді мақтан тұтамын. Мен өзім екі рет тың игерген адаммын. Бірі бала кезімде, екіншісі есейгенде. Сол тың жатқан жерді игеріп, аман - сау елімізге оралдық, - деп қария бір тыныстайды.

Содан кейін көп ұзамай Қабден аға Қостанай облыстық партия комитетінің бюросының шешімімен Амангелді аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас инженер - механигі болып тағайындалады. Кейін Қазақстан Орталық партия комитетінің шешімімен және ауылшаруашылығы министрлігінің бұйрығымен "Амантоғай" кеңшарының директоры болып бекиді.

1972 жылы Қабден Бегайдарұлы Торғай облыстық партия комитеті бюросының шешімімен Торғай облыстық ауылшаруашылық техника бірлестігінің облыстық материалдармен және техникамен жабдықтау базасының директорлығына тағайындалады. Іскерлігімен танылған азамат жаңалықты ашылған облыстың қайнаған тіршілігіне араласып, жүк түсіретін қоймалар, тұрғын үйлер, жатақханалар салуға, электр желісі, су, кәріз жүйелерін тарту, жол құрылыстарына білек сыбана кіріседі.

- Бұл жердің ең басты байлығы шыққан атақты адамдары көп. Қуаныш Шәмшиев, Мақтай Сағдиев, Еркін Әуелбеков, Сақан Құсайынов, кешегі ҚР Парламент мәжілісінің спикері болған Орал Мұхамеджанов, Сәкен Қосмұхамедов, Төлебай Бірмағанбетов сынды айтулы азаматтармен бірге қызмет жасадық.

Амангелді ауданында қызмет жасағанымда газет пен радио хабарлары қазақ тілінде ғана берілетін. Өзге

ұлт өкілдерінің көптеп келуіне байланысты екі тілділіктің қажеттілігі туды. Сол уақытта аудандық компартиясының ақпараттық - насихат саласын басқарған Кәрім Айтмағанбетов, "Тың шұғыласы" газетінің бас редакторы, журналист Бөгетбай Әлмағанбетов сынды азаматтар көп еңбек сіңірді.

Аудандарда I хатшы болған Ғазез Жоламанов деген жолдасым айтатын: "Торғай өңірінде қызмет істеп кеткен адам, қай салада болмасын, қай жерге барса да жұмысты жақсы істейді" деп. Бір ғана мысал, менің жүргізушім болған Александр Куликов деген азамат орталық ресейге барып, бас инженер болып кетті.

ҚР Мәдениет қайраткері Жұмағали Өмірбек досым айтқандай "Арқалықтың шеті бұзылса да, тұрғындарының ниеті бұзылған жоқ". Киелі Торғайдың жері.

Кәкі Ақан, Жұмағали Өмірбек, Қаратай Нұрманов тәрізді елге сыйлы азаматтармен әлі күнге дейін араласып тұрамыз. 70 жас мерейтойымда елімізге кеңінен танымал ерлі - зайыпты өнерпаздар Сайлау Ордабаев пен Отаркүл Мұқатова ән шырқап еді. Сондағы Отаркүл қарындасымның айтқан сөзі есімнен кетпейді: "Аға, Сіз Торғайда тумасаңыз да, туғандай болып кеттіңіз. Елге еңбегіңіз сіңген азаматсыз. Бүгінгі күні ел ағаларының бірегейлерінің бірі болып таныласыз" дегені халқымның маған жасаған зор құрметі деп білемін.

Арқалық қаласы маған өте қымбат. Өсіп өніп жатырмыз. Жұбайым Берен Кәрібайқызы екеуміз 7 бала тәрбиелеп өсірдік. Он төрт немере, екі шөбере сүйіп отырмыз. Балаларымыздың бәрі жоғары білімді. Қос - қостан дипломдары бар. Қолдарынан келген жұмыстарын істеп жатыр деп есептеймін. Көптеген адамдармен туыстасып кеттік. Арқалықтың тұрғындары пымдамды, төзімді. Екі рет облыстың ашылып жабылуы соның бәрі елге оңай тиген жоқ. Десе де, қаланың болашағы зор деп ойлаймын. "Арқалық - Шұбаркөл" теміржолының тартылуы зор қуаныш. Президентіміз айтқандай өңірге үлкен леп әкеліп, лек - легімен жүк пойыздары жүре бастайды. Таяуда "Ақтөбе - Ырғыз" автомобиль жолы салынбақшы. Демек, бұл Арқалық бұрынғыдай тұйықталған қала емес, көліктік дәлізге айналады деген сөз. Қаланың қарт тұрғыны ретінде арайлы қаламыз Арқалығымыздың келешекте де гүлдене беруін тілеймін! - дейді ардагер сөз түйінінде.

Айтпақшы, бізге сұхбат беру барысында Қабден ағамызға амандық - саулық сұрасып жиені, атақты "Еңбек Ері" Сайран Боқанов қоңырау шалды. "Бұл Сайран өте қарапайым адам ғой. Оған мұражайдың бір бұрышын арнаса да болады" деп қояды Қабден аға.

Иә, еңбек адамдарына лайықты құрмет көрсетіліп жатса нұр үстіне нұр. Біз де ерен еңбектің мызғамас негізін қалаған Қабден Бегайдарұлының есімі де қаланың бір көшесіне берілсе артық емес - ау! - деген ойға қалдық.

Мұрат ЖҮНІСУЛЫ

90-шы жылдардан келе жатқан бизнесмендерді дағдарыспен қорқыта алмайсың

Белсенді азаматтық ұстанымыма берік болып, республика, облыс, қала өміріне етене араласып жүрген соң алдағы мерейтойлар қарсаңында қолыма қалам алып, қаламыздың тар жол, тайғақ кешуге толы тарихына тағы бір мәрте шолу жасауды жөн көріп отырмын.

«...Әр қазақстандыққа, оның еңбегі мен талпыныстарына, көп нәрсе байланысты. Ең әуелі оның жеке тағдыры, ел тағдыры, ертеңіміздің тағдыры...» деп Елбасы Н. Назарбаев 2005 жылдың мамыр айында берген сұхбатында айтқан болатын. Сондықтан, еліміз бен азаматтар тағдырының бірлігі Қазақстанның үздіксіз дамуының мызғымас негізі. Еліміздің әр жетістігі – әрбір қазақстандықтың зор еңбегінің жемісі.

Ел егемендігінің 25 жылдығы, Қостанай облысының 80 жылдығы, Арқалық қаласының 60 жылдығы мерейтойлары қарсаңында жоғарыда айтылған сөздердің мән-маңызы ерекше. Арқалық қаласының тұрғындары 90-шы жылдардағы тоқырауда не көрмеді десеңізші. Осыны есепке алсақ, осындағы ағайынның қалаға деген сүйіспеншілігі, патриоттық сезімі төмен деп айтуға құқымыз жоқ.

Мен қалалық «Торғай» газетінің 2011 жылы 4 қарашада жарық көрген санында қаламыздың қалыптасу тарихы жайында жазған болатынымын. Қазір сол мақаланың мазмұнын бір сөйлеммен айтар болсам: «...Бұл шын мәнінде қайсар, рухы мықты, қиындықтан тайсалмайтын адамдардың қаласы», - дер едім. Сәл қайталансам да, Торғай даласы еліміздің білікті мамандарының алтын бесігі екенін айтқым келеді. Ел мерейін өсірген қаншама жерлестеріміз бар. Парламент Мәжілісінің экс спикері О. Мұханбетжанов, бірнеше мәрте халық қалаулысы болған, бюджеттік комиссия төрағасы К. Тұрысов, К. Сағадиев, Р. Сарпекенов, мәдениет қайраткерлері Ә. Боранбаев, ақын С. Тұрғынбеков және т.б.

Торғай топтырағынан көптеген көрнекті тұлғалар түлеп ұшқан. Олардың қызметі мен шығармашылығы өңірдің тарихымен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда олардың тарихта алар орындарын қала көшелерінің атауларынан да білеміз. Мысалы, А. Майкутов, В. Горбачев, Р. Маясова, Е. Әуелбеков. Қаламыз туралы қаншама өлең, ән мен жыр-дастандар, мақалалар жазылған. Оларды оқи отырып, Торғай өлкесі еліміздің біртуар азаматтары – А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Ш. Жәнібек, Ә. Жангелдин, аты аңызға айналған батыр Кейкі Көкембайұлы, биыл 100 жыл толғалы отырған Ұлт азаттық көтерілістің көсемі А. Иманов және т.б. арыстарымыздың ерлікке, еңбекке, ұлтжандылыққа толы өмірлеріне шолып өтеміз.

Сондай-ақ, қаламыздың қала болып қалыптасуына сүбелі үлес қосқан О. Қозыбаев, С. Құсайынов, Ю. Трофимова, Б. Садықов, Е. Әуелбеков, Ж. Түбекбаев, С. Қосмұхамбетов сияқты тұлғаларды да атап өту парыз.

Арқалық біріне табан тірер трамплин болса, енді біріне қиыншылық пен үміт ордасына айналды. Бұл қалада қалған жандарды сол жылдардың дағдарысы тізе



бүктіре алмады. Олардың ішінде, Ұлы Отан соғысының ардагерлері – Т. Пуцыкина, Ә. Тоқай, Ф. Романенко, Я. Федько және т.б., қаламыздың Құрметті азаматтары – К. Ақан, Ж. Өмірбек, М. Тәшетов, Ш. Байділдин, К. Ишутин, Н. Бегәділов, А. Мұқанов және т.б., сондай-ақ қаламызда ғана емес, оның сыртында да танымал С. Қуанышбаев, А. Орекен, Ж. Ғапбасұлы, Қ. Жиенбаев, Х. Досжанов, Қ. Ағуанов, Г. Садықова, К. Жусулбекова, А. Омаров және сол сияқты азаматтар мен азаматшалар бар. Барлығының атын атап өту мүмкін емес.

